

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
19.01.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 19.01.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Әділет министрі Мусин Қанат Сергейұлына беріледі.

Біздің бұрынғы әріптесіміз Қанат Сергейұлы бүгін министр ретінде келіп отыр. Барлық депутаттардың атынан, Қанат Сергейұлы, Сізді құттықтаймыз, жаңа жұмысыңыз табысты болсын.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

МУСИН Қ.С. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, азаматтар алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді орындауға бағытталған саясатты дәйекті түрде іске асырады. Мемлекетіміз саясатты қалыптастыруға халықты тартуға ерекше назар аударады.

2020 жылғы мамырда «Саяси партиялар туралы» Заңға партиялық тізімдерде әйелдер мен жастар үшін 30 пайыз квота енгізу жөніндегі нормалар енгізілді.

Сол кезден бастап саяси партиялар гендерлік теңдік және жастарды қолдау мәселелерін жетілдіруде маңызды рөл атқара бастады. Сайлау тізімдеріне енгізу арқылы жас кандидаттар мен әйелдерді Парламент депутаттарының қатарына қосу мүмкіндігі пайда болды.

Квоталау тетігі қоғамдағы проблемалық және сезімтал мәселелерді шешу кезінде әртүрлі пікірлерді ескеру арқылы норма шығармашылық процесінде «қоғамдық күн тәртібін» қалыптастыру мүмкіндігін кеңейтті.

Осы тетікті дамыту үшін Мемлекет басшысы өзінің 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың заңнамалық қызметте қатысу қажеттілігін атап өтті.

Осы тапсырманы іске асыру мақсатында ұсынылған «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасы әзірленді.

Конституциялық заң жобасы әйелдер, жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдар және мүгедек адамдар үшін 30 пайыз квотадан басқа оларды Парламент Мәжілісінде депутаттық мандаттарды бөлу кезінде есепке алу қажеттілігін бекітуді көздейді.

Құрметті депутаттар, ұсынылып отырған конституциялық заң жобасы нысаналы топтармен әртүрлі алаңдарда қаралды.

Жалпы алғанда, бұл түзетулер әйелдердің, жастардың, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың еліміздің заң шығару органында өкілдігін кеңейту үшін маңызды қадам болып табылатынын атап өткен жөн. Бұл заңдардың сапасына сөзсіз әсер етеді.

Заң жобасын қарау барысында депутаттар Қауіпсіздік Кеңесі мен Қазақстан халқы ассамблеясы қызметінің мәселелері бойынша түзетулерге де бастамашылық жасады.

Конституциялық заң жобасын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлына беріледі.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Қанат Сергейұлы! Қолданыстағы заңнамада әйелдер мен жастар үшін партиялық тізімде міндетті квота көзделген. Енді осы конституциялық заңның жобасында партиялық тізімге аталған екі санаттың ғана емес, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеу сатысында міндетті түрде қатысуы туралы норманы бекіту ұсынылған. Алайда Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды ұсыну сатысында партиялық тізімді сақтау бойынша көрсетілген талап жоқ.

Бұған қоса, «Саяси партиялар туралы» Заңға біз кейінірек қарайтын осындай түзетулер саяси партиядан депутаттыққа кандидаттарды ұсыну сатысына қатысты болмақ.

Осыған байланысты сұрағым бар. Неліктен аталған санаттағы адамдардың партиялық тізіміндегі міндетті отыз пайыздық квота туралы талапты кандидаттарды тіркеу сатысында ғана бекіту ұсынылған?

МУСИН Қ.С. Сұрағыңызға рақмет.

Кандидаттарды ұсыну – депутаттыққа тіркелетін адамдардың тізімін анықтайтын кезең. Бұған алдымен саяси партиялардың өздері мүдделі, сондықтан «Саяси партиялар туралы» Заңға өзгерістер енгізу ұсынылды.

Депутаттыққа кандидаттарды тіркеу – сайлау процесінің бір кезеңі. Бұл «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Конституциялық заңмен реттелетін мәселе және кандидаттың ресми мәртебесін растау болып табылады. Нақ осы тіркеу кезеңінде партиялық тізім, ондағы сандық пропорциялардың сақталуы тексеріледі.

ТӨРАҒА. Неге осы квота тіркеу сатысында ғана бекіту ұсынылады?

МУСИН Қ.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы, кандидаттарды ұсыну сайлаудан тыс болатын процесс қой.

ТӨРАҒА. Ол түсінікті. Неге тіркеу сатысында бекіту ұсынылады?

МУСИН Қ.С. Заң талабы бойынша 30 пайыздық квота партиялық тізімде болу керек. Партиялар жасаған тізімде ондай адамдардың саны 30 пайыздан да көп болуы мүмкін, бірақ депутаттыққа кандидаттарды тіркеу кезінде 30 пайыздық квота қатаң сақталуы керек.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Абасов Қайнар Бегалыұлына беріледі.

АБАСОВ Қ.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Канат Сергеевич! Если получится так, что политическая партия зарегистрировала свой список, но не выполняет требования об обязательной квоте трех категорий граждан, то есть женщин, молодежи и лиц с инвалидностью, возникает закономерный вопрос: предусмотрены ли меры ответственности в отношении такой партии?

МУСИН Қ.С. В целом целями законопроектов являются обеспечение присутствия и учет мнения в представительной власти женщин, лиц, не достигших 29-летнего возраста, и лиц с инвалидностью, а также привлечение их к активной работе в жизни государства и общества.

Вопросы, связанные с распределением полученных мандатов, регулируются политическими партиями самостоятельно. Это их прерогатива, и государство законодательно в этот процесс не вмешивается. Соответственно, норм, которые предусматривают ответственность партий за невыполнение требований об обязательной квоте, в законопроектах и в целом в законах не содержится.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлына беріледі.

НАҚПАЕВ С.Ж. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Қанат Сергейұлы! Іс жүзінде Парламентке өткен партияның мандаттарын бөлу кезінде оның партиялық тізімінен, оның ішінде объективті себептермен міндетті квота бойынша тізімге енгізілген адамдардың шығуы жағдай туындауы мүмкін. Яғни, азаматтардың міндетті санаттары болмаған кезде партиялық тізімнің құрылымы бұзылады.

Айтыңызшы, мұндай жағдай құқық қолдану тәжірибесінде қалай шешілуі тиіс?

Бұл жағдайда мандаттарды бөлу тетігі қалай болады? Рақмет.

МУСИН Қ.С. Сұрағыңызға рақмет.

Мұндай жағдайларды болдырмау үшін заң жобасы депутаттық мандаттарды бөлу кезінде квотаны міндетті есепке алу туралы норманы қамтиды. Бұл норма депутат мерзімінен бұрын шыққан кезде қолданылады. Яғни, саяси партиялар партиялардың тізімдерінде міндетті квота бойынша кандидаттардың жеткілікті санын қамтамасыз етуге дайын болу керек.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайроллаевич.

Уважаемый Канат Сергеевич! С принятием данного законопроекта будет закреплена обязательная норма о наличии в избирательных партийных списках наряду с женщинами и молодыми людьми до 29 лет также и лиц с инвалидностью. В сумме число указанных категорий лиц должно составлять 30 процентов от общего количества включенных в партийный список лиц, как уже отмечалось моими коллегами.

Однако, на наш взгляд, данная норма может привести к ее различным толкованиям и реализации на практике. Исходя из ее смысла, например, можно включить в партийный список 28 процентов лиц в возрасте до 29 лет, 1 процент женщин и 1 процент лиц с особыми потребностями, и наоборот, что в сумме все равно даст 30 процентов от списка.

Необходимо отметить, что, как правило, в международной практике квоты для каждой группы устанавливаются отдельно.

В этой связи возникает вопрос: каков будет на практике механизм распределения квоты между этими тремя категориями?

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

МУСИН Қ.С. Как я уже говорил, распределение квоты между тремя категориями является исключительной прерогативой политической партии. То есть каждая политическая партия будет самостоятельно распределять полученные депутатские мандаты с учетом утвержденных партийных списков и исходя из политических целей своей деятельности. То есть исходя из этих целей и ответственности перед избирателями, каждая политическая партия будет самостоятельно определять количество женщин, молодежи, инвалидов. То есть пропорциональность будут соблюдать они.

ТӨРАҒА. Сейчас было мнение депутата, я так понимаю, когда для каждой группы устанавливается отдельная квота, и Вы сослались, что это международная практика. Канат Сергеевич, пожалуйста, Ваше мнение.

МУСИН Қ.С. Законом устанавливается единая квота для всех трех категорий указанных лиц. В целом в партийном списке должно быть не менее 30 процентов...

ТӨРАҒА. Мы знаем, как устанавливается, вопрос другой. Ваше мнение, если квоты для каждой группы устанавливать отдельно? Ваша позиция, пожалуйста, по предложению, которое сейчас предложил депутат.

МУСИН Қ.С. Моя позиция, уважаемый Нурлан Зайруллаевич, заключается в том, что эту квоту делить на проценты нельзя, потому что представленность населения, представленность проблем в данном конкретном регионе или у партии, которая преследует определенные политические цели, могут быть разными. Поэтому партия должна самостоятельно определять те приоритеты, которые для нее важны.

ТӨРАҒА. Правильный вопрос. То есть, если в задачах партий есть какие-то приоритеты, то они, исходя из этих приоритетов, будут формировать свои партийные списки.

Я знаю, на заседании рабочей группы Азат Турлыбекович требовал, чтобы для женщин квота была не меньше... Почему-то другие категории упустил, именно по женщинам математику подтянул.

Я думаю, тот ответ, который сейчас Министр юстиции озвучил, – очень правильный. Под задачи будет формировать партия, это ее право, в том числе и свою процентную квоту, а если определить законом, то мы загоняем в рамки.

То есть, наверное, не все в этой международной практике... Аманжан Макаримович, пожалуйста.

ЖАМАЛОВ А.М. Видите ли, если исходить из этой логики, то, наверное, Вы правы, но если исходить из логики того, что раз мы предусматриваем все-таки проценты и указываем людей, допустим, с особыми потребностями, то, наверное, не столько у нас людей с потребностями, чтобы они могли в отдельную партию организоваться или организовать партию, которая специфически будет заниматься их проблемами. Поэтому, наверное, и то, чтобы указать какой-то процент необходимого представительства таких интересов в каждой партии, тоже имеет смысл. На усмотрение наших коллег, мне кажется. Смысл в этом есть.

ТӨРАҒА. Да, понятно. Ваши аргументы тоже имеют под собой основания. Я думаю, та аргументация, которую сейчас привел министр, – это в первую очередь те программы и задачи, которые ставятся политическими партиями, и под них уже они формируют список и квоты, которые им будут нужны. Понимаете? Так что здесь, наверное, все-таки формат, который был предложен разработчиками, можно было и поддержать.

Құрметті депутаттар, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Қанат Сергейұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің хатшысы депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Комитет «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасын қарады.

Конституциялық заң жобасының негізгі мақсаты – биліктің заң шығарушы тармағында әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың өкілдігін қамтамасыз ету.

Жаңа нормалар мүгедек адамдардың саяси және қоғамдық өмірде неғұрлым белсенді рөлін қамтамасыз етеді, олардың құқықтарын аса құрметтеуге және олардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге ықпал ететін болады. Заң жобасының нормалары саяси партияларды әртүрлі әлеуметтік топтармен белсенді жұмыс істеуге және олардың мүдделерін өз қызметінде ескеруге міндеттейді.

Сонымен қатар заң жобасына басқа конституциялық заңның кейбір нормаларын Мемлекет басшысы бұрын қабылдаған шешімдерге сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер енгізілді. Осыған байланысты заң жобасының атауы өзгерді.

Парламент Мәжілісінің барлық тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасы сарапшылардың, Әділет министрлігі, Азаматтық қоғам істері комитеті, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Орталық сайлау комиссиясы, Қаржы министрлігі және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының отырыстарында жан-жақты талқыланды.

Баяндалғанның негізінде қаралған конституциялық заңның жобасын мақұлдауды және оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Құрметті әріптестер, қолдауға шақырамын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Снежанна Валерьевна.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызына беріледі.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Заң жобасы Мемлекет басшысының «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізінде әзірленді. Онда Президентіміз депутаттық мандаттарды бөлу кезінде әйелдердің, жастар мен ерекше қажеттілігі бар азаматтардың өкілдігіне квотаның 30 пайызын міндетті түрде есепке алу туралы норманың қабылдануын тікелей көрсетеді.

Осы 30 пайыздық квоталау, сондай-ақ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялауға байланысты Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау саяси өмірді жандандыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Сонымен бірге заң жобасы мемлекеттің өз азаматтарына деген қамқорлығын айқын көрсетеді. Бұл қамқорлық ең алдымен осы заң жобасының мүмкіндіктері шектеулі адамдарды әлеуметтік интеграциялауға бағытталғандығынан көрінеді.

Аталған заң жобасы мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің, мүгедектігі бар адамдардың тең мүмкіндіктерін заңнамалық түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, қоғамның саяси мәдениетінің деңгейін арттырады.

Осы заң жобасын қабылдау әлеуметтік теңгерімсіздікті жойып, заманауи сұранымдарға жауап береді деп есептеймін.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімнің де оны қолдауларын сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлия Сүйіндікқызы.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді біз осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сондықтан қаулының жобасын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Әулие: Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Майғынбаева.*